

Р. МУХИТДИНОВ

АРАБ ЛЕКСИКОГРАФИЯСЫНДАҒЫ СӨЗДІК ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ТАРИХЫ

Қазіргі қазақ лексикографиясында белгілі бір тілдегі сөздердің жиынтығын көрсететін анықтамалық еңбекті *сөздік* деп атайтын болса [1,354], осы мағынада көне тілде *лұғат* сөзінің де қолданылғаны белгілі [2, 23].

Ал біз қарастырып отырған араб тілінің лексикографиясында сөздік ұғымында бірнеше сөздер қолданылады. Осы жерде ескерте кететін

бір жәйт, араб лексикографиясы өзінің шығу және даму тарихында еуропа және орыс лексикографиясынан көп ерекшеленеді және сөздік ұғымында қолданылатын термин сөздердің еуропа лексикографиясындағы сөздік ұғымында қолданылатын терминдерден табиғи ерекшеліктері болуы мүмкін. Сондықтан араб лексикографиясындағы сөздік ұғымын қарастырған

кезде біз осы айырмашылықты естен шығармауымыз лазым.

Жоғарыда айтып кеткендей, араб лексикографиясында сөздік ұғымында бірнеше сөздер қолданылады. Солардың ішінде негізінен «*муғжәм*» және «*қамус*» сөздері көп қолданылады.

«*Муғжәм*» сөзі араб тілінде «*гажжәмә*» түбірінен жасалған «*әгжжәмә*» етістігінің ырықсыз есімшесі. Оның «*мәгәжжәм*» және «*муғжжәмәт*» деген екі көпше түрі бар. «*Ғужжәмә*» сөзі араб тілінде сөзді анық айтпау, әдеби тілмен сөйлемеу деген мағынаны береді, яғни ойындағысын анық, түсінікті етіп айта алмау. «Лисәнул араб» сөздігінде «*әгжжәмә*» сөзін былайша түсіндірген:

Әріпті анықтадым, яғни оған нүкте қою арқылы анық еттім.

Кітапты анық еттім: оның нүктелерін қойдым және көмескі жерлерін жойдым [3].

Осы жерде арабша хат танымайтын оқырманға араб әліпбиінде көптеген әріптердің жазылу қаңқасы бірдей болып келетінін және оларды нүктелері арқылы ажыратынын ескерте кеткіміз келеді. Мысалы; **бә**, **тә** және **сә** әріптерінің жазылу қаңқасы бірдей, бірақ осы әріптерді бір-бірінен әріптің үстіне және астына қойылған нүктелер және олардың саны арқылы ажыратамыз. **Бә** әрпінің астында бір нүкте, **тә** әрпінің үстінде екі нүкте және **сә** әрпінің үстінде үш нүкте. Яғни, *әгжжәмә* сөзі осы нүктелерді қою арқылы өзара жазылу қаңқасы ұқсас әріптерді бір-бірінен ажырату екен.

Бұл **муғжәм** сөзінің тілде беретін мағынасы. Ал осы сөздің қолдану тарихына шолу жасасақ, онда бұл сөзді лингвист ғалымдардан бұрын хадис ілімінің ғалымдары хадисті риуаят еткен рауилердің өмірбаянын қамтыған кітаптарға қолданған. Ең алғашқы болып *муғжәм* сөзін Ахмад ибн Али Әттәмими Әлмаусили (210–307 н.ж.б.) сахабалардың өмірбаянын жинақтаған кітабына қолданған. Ол кітап: «*Муғжәм әссахаба*» деп аталады.

Осы жерде араб лексикографиясындағы сөздіктің тарихына, этаптарына қысқаша тоқталып, сол арқылы *муғжәм* сөзінің сөздік мағынасында кенінен қолданысқа қай ғасырда енгенін анықтасак.

Араб мәдениетінде сөздік жұмысы Құран кәрімде және Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде кездесетін жалпы халыққа, қарапайым адамдарға мағынасы анық емес көмескі және бірнеше мағыналарды беретін сөздерді анықтау, түсіндіру ісімен басталады. Бұл пікірді араб тіл білімінің дамуына атсалысқан және араб лекси-

кографиясында із қалдырған тілші ғалымдардың барлығы құптайды. Мысалы, д. Али Әлқасими: «Араб сөздіктері мұсылмандардың Құран мен хадистке көңіл бөлуінен, оны түсінуге деген құштарлықтарынан, ол екеуінде кездесетін «*ғариб*» (мағынасы көмескі) сөздерді түсінуге талпынысынан басталады», — деген [4, 8]. Тарихи риуаяттарға сенсек, алғашқы Құрандағы көмескі сөздердің мағынасын ашатын кітапты жазған — Абдуллаһ ибн Аббас (н.б. 68 ж. қайтыс болған). Ол Мұхаммед пайғамбардың әкесінің інісінің ұлы. Абдуллаһ ибн Аббас мұсылмандар арасында өзінің Құранның тафсирін ең мықты білетін ғалым ретінде танымал болған.

Құрандағы көмескі сөздердің мағынасын ашып беретін сөздіктерді «*Ғарибул Құран*» деп атаған. Яғни Құрандағы көмескі сөздер деген мағынаны береді. Одан кейін осы есіммен бірнеше кітаптар жарық көрді. Осы іске іле-шала Мұхаммед пайғамбардың хадистеріндегі көмескі сөздерді жинақтаған кітаптар шықты. Оларды «*Ғарибул хадис*» деп атады, яғни хадистегі көмескі сөздер.

Бұл этапта *муғжәм* сөзі Құран мен хадистердегі көмескі сөздерді жинақтап, оларды түсіндірген еңбектерге қолданылмады. Бірақ осы еңбектердің лексикографиялық еңбек екендігінде еш дау жоқ. Осы еңбектерге қолданылған «*ғариб*» сөзі «*бөтен*», «*жат*», «*таныс емес*», «*өзге*» деген мағыналарды береді. Бұл ағылшын лексикографиясындағы glossary — глоссари [2, 25] терминіне жақын келеді.

Екінші кезеңде сөздік жұмысы лингвист ғалымдардың араб әдеби тілін таза қалпында сақтап қалу мақсатында араб шөлінің әр тарапында көшпенділікпен айналысатын, тілдері әлі өзгеріске түспеген араб тайпаларына барып сөз жинаумен жалғасады. Осы кезеңде ықшам тақырыптық сөздіктер жарық көреді. Ол сөздіктерді де «*муғжәм*» сөзімен атамады. Оның орнына «*кітап*» сөзі қолданылды. Мысалы: «*китәбул хайл*» жылқы кітабы, «*китәбул ибил*» түйе кітабы, «*китәбул хашарат*» жәндіктер кітабы. Бұл тіркестерде кітап сөзі ағылшын лексикографиясындағы wordbook ұғымына жақынырақ келеді ме деген ойдамыз.

Үшінші кезеңде сөздік жұмысы араб тілінің барлық лексиконын немесе көпшілігін қамтитын сөздіктердің жарық көруіменен жалғасады.

Біз сөз етіп отырған кезеңдердегі сөздіктердің және сол кездегі мұсылмандардың мәдениетіндегі бір назар салатын жайт, оладың өз еңбектеріне әртүрлі атаулар беру салтының қалыптасуы.

Мысалы, Халил ибн Ахмад Әлфараһиди (һ.б. 100–175 ж.) өзінің араб лексикографиясындағы ең алғашқы сөздік саналатын еңбегін «Айн» деп, сол сөздіктің бірінші өріпімен атаған. Әбу Талиб Әлмуфаддал Әддаби (һ.б. 356 ж. қайтыс болған) сөздігін «Әлбөриғ фил луға», яғни «Тілдегі керемет» деп атады. Әбу Мансур Әләһари (һ.б. 370ж.) сөздігін «Тәһзибул луға», яғни «Тіл тазалығы» деп атаған. Бұл секілді мысалдар тек қана лексикография саласында ғана емес, сонымен қатар барлық білім саласында да көптеп кездеседі.

Бұдан шығатын қорытынды араб лексикографиясында сөздіктерді белгілі бір терминмен атау үрдісі сөздіктер кең таралғаннан кейін ғана пайда болған. Бұл өз ретінде араб тіл білімінде лексикографияның теориясы сөздік құрастыру ісінен кейін дамығандығына дәлел болады.

Тек қана һижра жыл санауы бойынша IV ғасырдың соңына таман ғана муғжәм сөзіне ие сөздіктер пайда болды. Әбу Һиләл Әласкари сөздігін «Әлмуғжәм фи бақиятил өшия». V ғасырдың соңына таман өмір сүрген Әбу Убайд Әлбәкри сөздігін «Муғжәму мә устуғжимә мин өсмәил биләд уәл мәуәдиғ» деп атаған.

Жалпы араб мәдениетін ғылыми еңбектерді өртүрлі атаулармен атау осы уақытқа дейін жалғасын табуды, бұл дәстүр лексикографияға да қатысты. Тек өткен ғасырдың орта кезеңінен бастап Еуропаның ғылымдағы жетістіктерін пайдалана бастаған араб ғалымдары соларға еліктеп, ғылыми терминдерді қолдана бастады. Солардың алғашқылары болып бұл дәстүрді қолға алған Каирдағы Араб тілі академиясы. Бұл білім ордасы қазіргі уақытқа дейін бірнеше сөздіктерді жарыққа шығарды, солардың арасында кең тарағаны «әлжуғжәм әлуасит» және «әлмуғжәм әлуәжиз». Оған қоса лингвист ғалымдар тіл біліміндегі еңбектерінде *муғжәм* және *қамус* сөздерін термин ретінде қолдана бастады.

Мәждуддин Мухаммад ибн Яғқуб Әлфайруз Әбәдидің (һ.б. 817ж. қайтыс болған) «Әлқамус әлмухит» атты сөздігі, өзінің ыңғайлылығының, ықшамдылығының және сөзді жеңіл түсіндіруінің арқасында халықтың арасында кең тарап кетті. Адамдар оның атын сөздік ретінде де пайдалана бастады. Уақыт өте бұл сөз сөздік орнына да қолданыла бастады. Оған қоса Әлфайруз Әбәдиден кейін келген ғалымдар «Қамусты» өз сөздіктерінің негізгі материал көзі ретінде алып, оған қосымшалар қосу, ондағы мағынасы толық ашылмай қалған сөздерге анықтамалар беру және ол сөздікті өртүрлі жолдармен ықшамдаумен

айналысты. Бұл да өз кезегінде «қамус» сөзінің кең тарауына ықпал етті. Мысалы, Муртада Әззәбиди «Тәжул арус» атты араб лексикографиясындағы ең үлкен сөздігін осы «қамус» сөздігінің толық түрі, оның түсініктемесі ретінде құрастырған. Оның Муртада Әззәбиди өзі сөздігінің кіріспесінде айтып кеткен және оны сөздіктің толық атынан да байқай аламыз.

Енді осы «қамус» сөзінің мағынасына тоқталсақ. Әлфайруз Әбәди: *қамус қа-ма-сә* түбірінен жасалған туынды сөз. Ол теңіздің көп суы деген мағынаны береді дейді [5,732]. Пайғамбардың хадисінде: «Оның айтқан сөзі теңіздің түбіне (қамусына) жетті» деп келген, яғни теңіздің ең терең жері. Қамус – теңіздің көп суы немесе ортасы деген мағынаны береді деген сөз де бар.

Осы екі терминді кеңінен зерттеген доктор Али Әлқасими осы уақытқа дейінгі араб тілінде жарық көрген сөздіктердің аттарын жинап, олардың кестесін сыза отырып, қай терминнің қай мағынада көбірек қолданылатынын анықтап шыққан. Біз осы кестені және ғалымның соңғы қорытынды сөзіне ғана тоқталсақ деген ойдамыз [4].

Сөздік түрі	Жалпы саны	«Муғжәм» атауы берілген сөздік	«Қамус» атауы берілген сөздік	Басқа атаумен аталған сөздік
Бір тілді және энциклопедиялық сөздіктер	122	17 (13,9%)	3 (2,5%)	102 (83,6%)
Екі не одан да көп тілді мен энциклопедиялық сөздіктер	147	18 (12%)	73 (49%)	56 (38%)
Арнайы терминдік сөздіктер мен энциклопедиялар	966	327 (33,8%)	186 (19,3%)	453 (46,9%)
Жалпы есеп	1235	362 (29,3%)	262 (21,2%)	611 (49,5%)

Қорыта келе ғалым бұл екі терминнің бірдей мағынада қолданыла беретінін ескертеді. Оған қоса «*муғжәм*» термині көбінесе бір тілді сөздіктерге, ал «*қамус*» сөзі екі тілді сөздіктерге көбірек қолданылатынын айта кетеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Қалиұлы Б. Сөздік// Қазақ тілі (энциклопедия). Алматы, 1998.
2. Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. Алматы, 2002.
3. Ибн Мансур. Лисәнул араб. Бейрут, 1997.
4. Али Әлқасими. Әлмуғжәмиятул арабия бәйнә әнназария уаттатбиқ. Бейрут, 2003.
5. Файруз Әбәди, Әлқамус әлмухит. Бейрут, 1993.